

Терапиялық пайдалануға (ТП) өтінім беру үшін бақылау нысаны:

Бүйрек үсті безінің ақауы

Тыйым салынған зат: глюко- и минералокортикоидтер

Бақылау нысаны спортшыны және оның дәрігерін ТП-ға өтінімге қойылатын талаптармен таныстыруға арналған, бұл талаптар ТП комиссиясына ТП Халықаралық Стандартының тиісті критерийлерін қанағаттандыратынын бағалауға мүмкіндік береді.

Тек толтырылған ТП өтінімі жеткіліксіз екенін ескеріңіз; сонымен қатар растайтын құжаттар берілуі ТИІС. Толтырылған өтінім мен бақылау тізімі ТП-ға рұқсат берілуіне кепілдік бермейді. Керісінше, кейбір жағдайларда заңды қосымшада бақылау тізімінде әрбір элементтің болмауы мүмкін.

<input type="checkbox"/>	ТП өтінім нысанында болу керек:
<input type="checkbox"/>	Барлық бөлім түсінікті қолмен толтырылуы керек.
<input type="checkbox"/>	Барлық ақпарат ағылшын тілінде, аурудың диагнозы мен субстанция латын тілінде берілуі тиіс. Қазақ/орыс тілдеріндегі диагнозды растайтын құжаттар ағылшын немесе француз тіліне аударылып берілуі керек.
<input type="checkbox"/>	Емдеуші дәрігердің қолы
<input type="checkbox"/>	Спортшының қолы
<input type="checkbox"/>	Медициналық қорытындыда мынадай мәліметтер болуы керек:
<input type="checkbox"/>	Ауру тарихы: симптомдары, ауру басталған кездегі жасы, симптомдардың алғаш пайда болуы (жедел дағдарыс / созылмалы симптомдары), аурудың барысы, емнің басталуы
<input type="checkbox"/>	Зерттеу нәтижелері
<input type="checkbox"/>	Симптомдар, белгілер және тест нәтижелеріне маман дәрігердің, яғни эндокринологтың интерпретациясы
<input type="checkbox"/>	Диагноз: бүйрек үсті безінің бастапқы немесе қайталама ақауы екенін көрсетіңіз
<input type="checkbox"/>	Глюкоза және минералокортикоидтер (қолданылатын жерде) тағайындалады (екеуіне де жарыс кезінде тыйым салынған), оның ішінде мөлшері, жиілігі, енгізу жолдары
<input type="checkbox"/>	Ағзаның емге реакциясы / Ем кезіндегі аурудың барысы
<input type="checkbox"/>	Диагностикалық сынақ нәтижелері мыналардың көшірмелерін қамтуы тиіс:
<input type="checkbox"/>	Зертханалық талдаулар: электролиттері, ашқарында қандағы глюкоза, сарысу кортизолы, плазмадағы АКТГ, ренин және альдостерон
<input type="checkbox"/>	Нәтижелер қорытындысы: құрсақ қуысы КТ немесе МРТ
<input type="checkbox"/>	Провокациялық тест немесе жағдайға байланысты басқа сынақ нәтижелері: косинтропин тесті (кортикотропинді ынталандыру), кортикотропин-рилизинг-гормонын ынталандыру, инсулинге төзімділік тесті, метирапонмен ынталандыру, антитела
<input type="checkbox"/>	Қосымша ақпарат, оның ішінде:
<input type="checkbox"/>	Қолданылуға болатын жерде глюкокортикоидтермен алдында жасалған ем, енгізу жолдары, жиілігі, дәрігер/спортшының емдеуге берген рұқсаты туралы мәлімдеме